

А.Б. Сарсенова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: assel.sarsenova@inbox.ru

«ШЕТЕЛ ТІЛІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ (ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША)

Қазіргі қоғамдағы терең өзгерістер және ондағы нарықтық қатынастардың дамуы кез-келген ел азаматтарының өмірлік құндылықтар жүйесінің өзгеруіне әкелді. Өзгерген құндылық бағдарлары жаңа ұрпақ өкілдерінің кәсіби өзін-өзі анықтауына тікелей әсер етеді. Бұл олардың дүниетанымдық көзқарастарын да, еңбек нарығының тұрақсыз жағдайларын да ескере отырып, жастармен кәсіби бағдарлау жұмысының алдыңғы формаларынан өзгеше басқа түрлерін талап етеді.

Зерттеудің мақсаты – еңбек нарығында өзін-өзі табысты жүзеге асыру үшін Қазақстан, Ресей және Қытайдың ЖОО-да «Шетел тілі» мамандығы бойынша білім алушылардың негізгі құндылық бағдарларының спектрін және еңбек құндылықтарының рөлі мен маңыздылығын анықтау. Социологиялық зерттеудің эмпирикалық бөлігін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан), Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университеті (Ресей) және Далян шет тілдер университетінің (Қытай) Шетел тілдері факультетінің күндізгі бөлімдерінде оқитын студенттерінен сауалнама әдісі арқылы жүргізілген зерттеу құрайды. Респонденттердің жалпы саны 300 адам.

Сыртқы себептердің әсерінен өзгерген құндылық құрылымы мен жастардың кәсіби қалауы, олардың меңгеріп жатқан кәсібіне деген көзқарасы және оның жеке өмірлік жоспарларын жүзеге асырудағы рөлі туралы көзқарастары жан-жақты талданды. Студент жастардың әлеуметтік-кәсіби өзін-өзі анықтау факторлары анықталды. Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан мен Ресей жастары үшін болшақ жұмыста маңыздылардың бірі – қызықты жұмыс болса, ал Қытай студенттері үшін жұмыста дағдыларды дамыту мүмкіндігінің болуы айқындалды. Үш елдің түлектеріне де ортақ құндылықтар, ол «өз мүдделеріне, мақсаттарына қол жету үшін» шет тілі мамандығында білім алып жатқандары, сонымен қатар ЖОО-да «оқу профилін саналы түрде таңдағаны» және «болашақта өз мамандығы бойынша жұмыс істейтіні» белгілі болды.

Түйін сөздер: жастар, құндылық, құндылық бағдарлары, шет тілі, мамандық таңдау.

A. Sarsenova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: assel.sarsenova@inbox.ru

Professional value orientations of university students in the specialty «Foreign language» (based on the results of a sociological study)

Profound changes in modern society and the development of market relations in it have led to a change in the system of life values of citizens of any country. Changes in value orientations have a significant impact on the professional self-determination of the new generation, which requires other types of career guidance work with young people that differ from previous forms, taking into account their worldview attitudes, and unstable labor market conditions.

The purpose of the research is to determine the spectrum of the main value orientations of students, the role and significance of the labor values of students majoring in «Foreign Languages» at universities in Kazakhstan, Russia and China for successful self-realization in the labor market. The main empirical part of the sociological research is a survey conducted by the method of questioning students studying at full-time departments of the Faculty of Foreign Languages of Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan), Saratov State University named after N. G. Chernyshevsky (Russia) and Dalian University of Foreign Languages (China). The total number of respondents is 300 people.

The article comprehensively analyzes the value structure that has changed under the influence of external causes, and the views of young people on professional preferences, their attitude to the profession being mastered and its role in the implementation of individual life plans. The factors of socio-professional self-determination of students are revealed. According to the results of the sociological

research, for the youth of Kazakhstan and Russia, the importance in future work is an interesting job, and for Chinese students – the opportunity to develop skills in work. It was revealed that graduates who participated in the research of three countries in the specialty “Foreign language” have such common values as: “achieving their interests, goals”, as well as “conscious choice of profession” and “work only in their chosen specialty”.

Key words: youth, values, value orientations, foreign language, choice of profession.

А.Б. Сарсенова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: assel.sarsenova@inbox.ru

Профессиональные ценностные ориентации студентов вузов по специальности «Иностранный язык» (по результатам социологического исследования)

Глубокие изменения в современном обществе и развитие рыночных отношений в нем привели к изменению системы жизненных ценностей граждан любой страны. Изменения в ценностных ориентациях оказывают непосредственное влияние на профессиональное самоопределение представителей нового поколения, что требует другого рода видов профориентационной работы с молодежью, отличающихся от предыдущих форм, с учетом как их мировоззренческих установок, так и нестабильных условий рынка труда.

Целью исследования является определение спектра ценностных ориентаций, роли и значимости ценностей труда молодежи, обучающихся по специальности «Иностранные языки» в вузах Казахстана, России и Китая для успешной самореализации на рынке труда. Основную эмпирическую часть социологического исследования составляет исследование, проведенное методом анкетирования студентов, обучающихся на очных отделениях факультета иностранных языков Казахского национального университета им. аль-Фараби (Казахстан), Саратовского государственного университета им. Н.Г. Чернышевского (Россия) и Далянского университета иностранных языков (Китай). Общее количество респондентов – 300 человек.

В статье всесторонне проанализирована ценностная структура, изменившаяся под влиянием внешних причин, и взгляды молодежи на профессиональные предпочтения, их отношение к осваиваемой профессии и ее роль в реализации индивидуальных жизненных планов. Выявлены факторы социально-профессионального самоопределения студенческой молодежи. По результатам социологического исследования для молодежи Казахстана и России важность в будущей работе – интересная работа, а для китайских студентов – возможность развития навыков в работе. Выявлено, что выпускники трех стран участвовавшие в исследовании по специальности «Иностранный язык» имеют такие общие ценности как: «достижение своих интересов, целей», а также «сознательный выбор профессии» и «работа только по своей выбранной специальности».

Ключевые слова: молодежь, ценности, ценностные ориентации, иностранный язык, выбор профессии.

Кіріспе

Құндылықтар мен құндылық бағдарларының проблемалары қазіргі жағдайда жеке тұлға мен қоғамның байланысын зерттейтін ғылыми пәндердегі басты мәселе болып табылады. Кез-келген әлеуметтік топ немесе қауымдастық тек өзіне тән құндылық нормалары, ережелері мен нұсқауларының айналасында қалыптасады. Бұл жүйе топтың мәнін және оның қоғамдағы орнын анықтайды. Сонымен қатар, құндылық жүйесі тұрақты құрылым болса да, динамикалық сипатқа ие. Қоғамда «жастар» әлеуметтік тобы басқа топтардан ерекшеленеді, себебі бұл әлеуметтік топ құндылықтар мен нормалар тұрғысынан ең өзгергіш болып табылады. Жастар бір жағынан, әртүрлі әлеуметтік топтардан осы

құндылықтар мен нормаларды қабылдайды, ал екінші жағынан, олардың өзгеруінің арқасында жалпы алғанда қоғамның құндылықтар жүйесінің өзгеруіне әкеледі. «Жастар» тобында «студенттер» тобын ерекше атап өту керек. Ол шын мәнінде құндылық бағдарлары мен нормаларын қалыптастыратын белсенді топ, яғни, бүкіл қоғамның даму векторын белгілейтін авангард болып табылады.

Жастардың құндылық бағдарларын зерттеу мәселесі көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырады. Бүгінгі күні шет тілін меңгеру құндылықтары өзгеруде. Шет тілін білу барлық уақытта екі негізгі мәселені шешуге мүмкіндік берді: біріншіден, сол шет тілі бер елдің ана тілі болып есептелгендіктен, ана тілінде сөйлейтіндермен әр түрлі тақырыптарда

еркін қарым-қатынас жасау; екіншіден, белгілі бір өмірлік жағдайлардағы әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, мінез-құлық ережелері сияқты ұлттық мәдениеттің элементтерін игеру, тілдің шыққан елі халқының барынша толық қабылдануын қамтамасыз ету үшін тарихты білу. Бұл жағдайда іскерлік қарым-қатынаста, күнделікті мәселелерді шешуде және ұзақ мерзімді тұлғаралық байланыстарды орнатуда өзара әрекеттесуді тереңірек деңгейде орнатуға мүмкіндік беретін сенім дәрежесін қамтамасыз етіледі.

Алайда, жаһандану жағдайында шет тілін, әсіресе ағылшын тілін білу құндылықтарының өзгеруі байқалады. Экономикалық байланыстар орнату, саяси мәселелерді талқылау, әртүрлі елдердің түрлі саладағы кәсіби мамандардың өзара әрекеттесуіндегі қарым-қатынас, ең алдымен, осы тілдің шыққан елінің мәдениетін білу дәрежесін көрсету үшін емес, белгілі бір хабарламаның мазмұнын жеткізу және алу үшін жүзеге асырылады. Осыған байланысты «Шетел тілі» мамандығы бойынша білім алған мамандар үшін кәсіби білімінің құндылық мазмұны мәселесі өзекті болып отыр. Осы мәселені тадамас бұрын алдымен «құндылық» ұғымын қарастырайық.

Тақырыпты талдау

Әлеуметтанулық тұрғыдан құндылық ұғымын қарастырған Э. Дюркгейм болды. Оның пікірінше, құндылықтардың өздері жеке адамдар емес, адамдардың әлемнің әртүрлі объектілерімен өзара әрекеттесуінің нәтижесі деп атап өтті. Э. Дюркгеймнің пайымдауынша, құндылықтарды әлеуметтанулық талдау мыналарды анықтауға мүмкіндік береді: «құндылық заттың жеке субъектіге емес, ұжымға қалай әсер ететіндігімен жасалады» (Дюркгейм, 1995). Ол адамдардың бірлескен іс-әрекеті процесінде қалыптасқан бірлескен еңбек, тұрмыстық, бос уақыт өткізу қызметінің құндылықтарын белгілі бір дәрежеде қабылдайды. Демек, шет тілін кәсіби білудің құндылығын студенттердің өздері емес, қазіргі өмірдің тарихи қалыптасқан және өзгертілген нақты жағдайлары, оны қолданудың мағынасы мен мүмкіндіктері анықтайды. М. Вебер құндылықтардың бұл аспектісін атап өтіп, құндылық әлеуметтік субъект үшін белгілі бір маңызы бар норма екенін атап өтті (Вебер, 1990).

Американдық философ К. Поппер: «құндылық теориясы – бұл бағалау ғылымдары – этика, эстетика, логика мен білім теориясының,

экономикалық және саяси теорияның, антропология мен әлеуметтанудың кейбір бөлімдері үшін ортақ мәселелердің бүкіл желісінің атауы» (Орлов, Эйнгорн, 1993). Осы ережеге сүйене отырып, студент жастардың шет тілдерін үйрену процесі жалпы мағыналарды, басқа тілдің құрылысының ерекшелігін танудың мақсаттарын және оны ұзақ тарихи даму процесінде оны құрған этникалық топтың мәдениетімен таныстыру үшін қолдануды қамтамасыз етуі керек.

Қоғам жасаған құндылықтардың әлеуметтену процесінде белгілі бір адамдар қабылдаған құндылықтармен өзара әрекеттесуінің ерекше жүйесі бар.

Т. Парсонс: «құндылықтар әлеуметтік жүйелердің үлгіні сақтау және көбейту функциясын жүзеге асыруда жетекші орын алады. Өйткені олар мәні субъектілердің белгілі бір міндеттемелерді қабылдау процестерін реттейтін әлеуметтік жүйенің қалаған түрі туралы идеядан басқа ештеңе емес» деп түсіндіреді (Парсонс, 1998).

Отандық әлеуметтанушылармен психологтар арасында құндылықтарды зерттеу мәселелері де кеңінен танымал. Мысалы, жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселелерін зерттеу (Абдирайымова, 2005), жастардың кәсіби және адамгершілік құндылықтарын өзгерту процесін зерттеу (Сейтешев, 2005), рухани құндылықтардың құнсыздану факторларын анықтау және т. б. бойынша әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері бар.

Әлеуметтанулық зерттеулерде қоғамды зерттеу мен түсінудегі құндылықтардың ерекше рөлін М. Рокич атап өтті. Ол әлеуметтану адам мен қоғамның құндылықтары туралы ғылым деп тұжырымдады (Rokeach, 1973).

Адам қоғамда бар құндылықтар жиынтығымен таныса келе, өзінің қажеттіліктері мен мүдделерін қажетті деңгейде қанағаттандырудың шарты ретінде қарастыратын көзқарасты таңдайды. Қазіргі жастардың құндылық бағдарларын қарастыра отырып, олардың кейбіреулері адами капитал құрылымында белгілі бір орын алады деген қорытынды жасауға болады. Мысалы: сапалы білім – бұл адами капиталдың құрамдас бөлігі, сонымен қатар қазіргі жастардың құндылықтарының бірі болып табылады. Өйткені кәсіби білім жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жастарды жұмысқа орналастырудың кепілі болып табылады (Калиева, 2014).

Құндылықтар ұғымына қатысты жоғарыда келтірілген түсіндірмелер «Шетел тілі» бағы-

ты бойынша кәсіби білім алатын үш елдің студенттерінің құндылық бағдарларының мазмұнын анықтау үшін әдіснамалық негіз болып табылады. Шет тілдерін үйренушілердің құндылық көзқарастарын эмпирикалық социологиялық зерттеудің өзектілігі бүкіл әлемде де, Қазақстанда да болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестердегі өзгерістерге байланысты. Бұл өзгерістер, ең алдымен, өздерінің кәсіби жолын таңдаған жастардың өмірлік басымдықтарының өсуіне әкеледі.

Шетелдік әлеуметтанушылар білім беру, экономика саласындағы көп тілділік мәселелерін, сондай-ақ әртүрлі елдердің тіл саясатындағы көп тілділіктің рөлін қарастырады. Мысалы, ағылшын тілін халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде таралуы ағылшын тілі ана тілі болып табылмайтын көптеген елдердің тіл саясаты оны қарқынды зерттеуді мақсат етеді. Б.Качрудың пікірінше, бүгінгі күні ағылшын тілі көптеген елдер үшін өздерінің «ана тілінен» кейінгі тілге айналды деп есептейді (Kachru, 1992). Себебі, көптеген қоғамдарда оқыту тілін немесе оқытылатын тілді таңдау да әлеуметтік беделге ие. Демек, ағылшын тілін білу көбінесе жоғары әлеуметтік мәртебеге әкеледі. Осындай зерттеулердің көбісі, ең алдымен, П. Бурдьё ұсынған теориялық модельге сүйенеді. Олар әртүрлі тілдерді олардың символдық күші тұрғысынан қолданудағы диспропорцияларды түсіндіреді (Bourdieu, 1993).

Шет тілін білудің тағы бір маңыздылығы тік әлеуметтік мобильділіктің мүмкіндіктерін едәуір арттырады, екінші жағынан, жоғарыда атап өткендей мәдениеттің жалпы деңгейін едәуір арттыруға, басқа этностардың салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, олардың тарихымен танысуға мүмкіндік беріп, жаңа білімді еңбек және тұрмыстық, демалыс іс-әрекеттерінде өзін-өзі дамыту үшін қолданады.

Сонымен қатар, шет тілін немесе тілдерді меңгеру кеңістіктік және басқа мобильділікті жоғарылатып, адамның еркіндік дәрежесін арттырып, өзін-өзі жетілдірудің жаңа жолдарына мүмкіндік ашады. М. Кастельсте жаңа мобильділік – бұл желілік технологиялар арқылы байланысы (Кастельс М., 2016). Яғни, негізгі әлеуметтік капитал – бұл әлеуметтік байланыстардың жиынтығы және оларды кеңістіктегі нақты немесе виртуалды қозғалыс арқылы орнату мүмкіндігі.

Шет тілін болашақ маманның кәсіби бағытын қалыптастыру құралы ретінде қарастыра

отырып, Е.В. Рощина кәсіби бағытталған тілдік материалды оқу кезінде студенттің арнайы білім алуға деген ұмтылысы мен тілді меңгерудің сәттілігі арасында екі жақты байланыс орнатылғанын айтады (Рощина, 2011). Ол шет тілін тілдік емес бағыттағы университетте кәсіби және әлеуметтік бағдарлаудың тиімді құралы деп санады.

Шет тілдері біздің күнделікті өмірімізге ене бастады. Шет тілінде біз басқа елдердегі әріптестерімізбен қарым-қатынасқа түсеміз, ғылыми ақпарат көздерімен танысамыз (түрлі фильмдер көреміз, музыка тыңдаймыз және т.б.). Бүгінгі күні толық білікті маман болу үшін кем дегенде бір шет тілін жақсы білу маңызды. Н.Д. Суховееваның пікірінше «көптеген адамдар үшін шет тілін білу физиологиялық қажеттіліктерге (тамақтануға, ұйықтауға және өмір сүруге) ұқсас болып келеді» (Суховеева, 2014). Оның пікірінше, адамдар «шет тілін үйренудің» нені білдіретіні туралы нақты түсінікке ие емес, яғни өздеріне талапты күшейтіп алып, нәтижесінде қойылған нәтижелерге тез жете алмайтынын, мүмкіндіктері төмендеп, осы қызметке деген қызығушылығын жоғалтады. Сондықтан қазіргі студент-жастардың шет тіліне деген көзқарасын талдау өзекті болып көрінеді.

Бүгінгі күні шетел тілін меңгеру еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін қажет. Бұрынғы кезде ағылшын тілін білу тұлғаның тек білімділік деңгейін анықтаса, ал қазіргі таңда оны жаңа технология мен коммерция тілі ретінде білу қажеттілігі туды. Сонымен қатар, шетел тілін оқу – үйреншікті емес тілдік ортада коммуникация мен қызметтегі дағдыларды меңгеруді білдіреді.

Зерттеу әдіснамасы

Алға қойылған мәселені зерделеу барысында эмпирикалық база ретінде отандық және шетелдік ғылыми зерттеу материалдарын талдау, анкеталық сауалнамалардың нәтижелері алынды.

Зерттеудің мақсаты Қазақстан, Ресей және Қытайдың жоғары оқу орындарында (ЖОО-да) «Шетел тілі» мамандығы бойынша оқитын студенттердің еңбек нарығында өзін-өзі дамытуды жүзеге асыру үшін негізгі құндылық бағдарларының спектрін, еңбек құндылықтарының маңыздылығын анықтау және салыстырмалы талдау. Осы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін ақпарат жинаудың

сандық әдісі – сауалнама әдісі қолданылды. Зерттеу 2021 жылы қараша және 2022 жылы ақпан айлары арасында жүргізілді. Бұл зерттеу әдісі «Шетел тілі» мамандығы бойынша кәсіби білім алатын студенттердің білім беру белсенділігін анықтайтын құндылық бағдарларының мазмұнын анықтауға барынша объективті ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Респонденттердің жалпы іріктемесі 300 адамды құрады. Зерттеуге әр мемлекеттің ЖОО-нан 100 респонденттен қатысты. Яғни, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан) – 100 респондент, Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік (Ресей) – 100 респондент және Далянь шет тілдер университетінің (Қытай) – 100 респондент. Зерттеу аталған елдердің ЖОО-да «Шетел тілі» мамандығы бойынша күндізгі бөлімде оқитын студенттері арасында жүргізілді. Қазақстан, Ресей және Қытай жастары арасындағы жүргізілген зерттеу жоғары оқу орындары түлектерінің

әлеуметтік-кәсіби құндылықтарының ерекшеліктерін, шет тілін меңгерудің әртүрлі аспектілерінің маңыздылығы, ЖОО бітіргеннен кейін болашақта қолдану перспективалары туралы пікірлерін анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижесі мен талқылануы

Шет тілдерін үйренушілердің құндылық қатынастарын эмпирикалық әлеуметтанулық зерттеудің өзектілігі бүкіләлемде, Қазақстанда да болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестердегі жылдам өзгерістерге байланысты екенін жоғарыда да атап өттік. Бұл өзгерістер, ең алдымен, өздерінің кәсіби жолын таңдайтын жастардың өмірлік басымдықтарының сан алуандығының өсуіне әкеледі.

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелерін талдайық. Ең алдымен зерттеуге қатысқан үш елдің жастары қандай шет тілін оқып жатқанын білу үшін сауал қойылды.

1-кесте – Білім алып жатқан шетел тілі

<i>Қандай шетел тілін меңгеріп жатырсыз ?</i>			
Жауаптары	Мемлекет		
	Қазақстан	Қытай	Ресей
Қытай	1,9%	2,9%	1,5%
Орыс	26,9%	71,4%	3,0%
Ағылшын	50,0%	22,9%	75,8%
Неміс	4,6%	0,0%	15,2%
Француз	9,3%	0,0%	3,0%
Итальян	,9%	0,0%	0,0%
Корей	4,6%	0,0%	1,5%
Басқа	1,9%	2,9%	0,0%
Барлығы	100%	100%	100%

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстан (50,0%) және Ресейде (75,8%) «Шетел тілі» мамандығы бойынша білім алушылардың жартысынан көп бөлігі «ағылшын тілін» таңдаған. Қазақстан жастары үшін екінші кезектегі шет тілі «орыс тілі» (26,9%) болса, Ресей жастары (15,2%) үшін «неміс тілі». Ал, Қытай студенттерінің басым бөлігі (71,4%) орыс тілін, одан әрі сұралған респонденттердің жартысынан аз бөлігі «ағылшын тілін» (22,9%) оқитынын байқаймыз. Демек, зерттеуге қатысқан қазақ

және орыс түлектері негізінен ағылшын тілін үйренуде. Өйткені бұл ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы халықаралық тіл ретінде ағылшын тілін дамытудың жалпы тенденциясымен байланысты.

Далянь шет тілдер университетінің сұрауға қатысқан жастарының «шет тілі» ретінде «орыс тілін» меңгеріп жатқандарын түсіндіруге талпыныс жасап көрейік. Соңғы уақытта Қытай мен Ресей арасында қарым-қатынастар достық сипатта орнатылған. Екі ел арасында саяси

және экономикалық ынтымақтастық жыл сайын нығая түсуде. Қытай үшін Ресейдің маңызы экономикалық және саяси себептерге байланысты. Болашақта Ресейдің шикізат пен энергия көзі ретінде Қытай мемлекеті үшін маңыздылығы өсуде. Сонымен қатар, «Бір белдеу – бір жол» (жаңа Жібек жолы) жобасы аясындағы да өзара қарым-қатынастың ықпалы зор. Себебі, «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясында Халықаралық экономикалық дәліздер 12 орыс тілді елдері: дәлірек, Ресей, Беларусь, Украина, құрлықтағы Жібек жолының негізгі бөлігі өтетін Орталық Азияның кейбір елдері арқылы келеді. Атап айтқанда, Ресей «экономикалық белдеудегі» ірі экономикалық нарыққа ие ең үлкен ел болып табылатыны белгілі. Осылайша, «Бір белдеу – бір жол» жобасын жүзеге асыру қызметі Қытайдағы орыс тілін оқыту саласына үлкен әсер еткенін де атап өтуге болады. Демек, қазіргі әлемде шет тілі саяси және әлеуметтік-экономикалық процестер, елдер арасындағы экономикалық байланыстарды нығайту қажеттілігі болып табылады (Shulga, 2017). Сыртқы экономикалық

ынтымақтастықты кеңейту шет тілін меңгеру сапасын арттыруға ықпал етеді (Yang, Xiang & Chun, 2018).

Жоғары деңгейдегі мамандарды даярлауда, кез-келген жоғары оқу орны мамандық үшін маңызды құндылықтарды меңгеруге мүмкіндік пен жағдай жасауы қажет. Түрлі мамандардың әртүрлі кәсіптері мен қызмет салалары бар. Сондықтан оқу процесінде ерекше назар аударуды қажет ететін негізгі кәсіби құндылықтарды меңгеруге мән беру маңызды (Lidaka & Priedolina, 2013).

Мамандық таңдау – бұл жастардың алғашқы өте маңызды шешімі. Көптеген жастар мамандық таңдай отырып, мыналарға бағдарланады: мамандықтың табыстылығы, оның беделі, жұмысқа орналасу мүмкіндігі, мансаптық өсу перспективасы және бейімділік пен өзінің мүмкіндігіне сәйкес келетін қызықты қызмет. Біздің зерттеуімізде түлектердің мамандықтарын таңдау себептерін анықтау үшін «Өз мамандығыңызды не себепті таңдадыңыз» деген сауалға келесідей жауаптар алынды.

2-кесте – Мамандық таңдау себептері

Жауаптары	Неге Сіз «Шетел тілі» мамандығын таңдадыңыз?		
	Қазақстан	Қытай	Ресей
Бұл мамандық еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие	21,8%	20,0%	13,4%
Бұл мамандық беделді болып табылады	16,7%	2,0%	10,4%
Бұл жоғары жалақылы төленетін мамандық	7,7%	4,0%	10,4%
Өз мақсаттарыма қол жеткізу үшін	26,9%	40,0%	37,3%
Ата-аналардың ұсынысы бойынша	14,1%	4,0%	14,9%
Тегін оқу мүмкіндігі (грантта)	10,3%	0,0%	13,4%
Басқа себеп	2,6%	30,0%	0,0%
Барлығы	100%	100%	100%

2-ші кестеге сәйкес, қазақстандық түлектер үшін «Шетел тілі» мамандығын таңдауға «өз мақсаттарына, мүдделеріне қол жеткізу» (26,9%) және «бұл мамандық еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие» (21,8%) екенін көрсетті. Тек 14,1% зерттеуге қатысқандар ата-аналарының ұсынысы бойынша, демек өз таңдаулары еместігін атап өтті.

Саратов мемлекеттік университеті студенттері үшін де алғашқы үштік жауапты «өз мүдделеріме қол жеткізу үшін» (37,3%), одан әрі 14,9% зерттеуге қатысушылар «ата-аналарының

кеңесі екенін» көрсетті. 13,4%-ы грант иегері атанып, тегін білім алуға мүмкіндіктеріне болғаннан кейін мамандықтарын таңдағанын атап өтті.

Зерттеуге қатысқан Қытай студенттерінің жартысына жуығы (40,0%) «шетел тілі» мамандығын өз мүдделеріне, мақсаттарына қол жеткізу үшін түскендерін белгілесе, ал 30,0%-ы «басқа себептерге байланысты» мамандық таңдағандарын көрсетті. Тек, 20,0% респонденттер «осы мамандықтың еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие» деп белгіледі. Демек, «орыс тілі» (қытай студенттері мысалында) Қытайда шет

тілі ретінде жоғарыда түсіндіріп өткеніміздей жоғары маңыздылығы бар екенін зерттеу нәтижесі тағы да көрсетті.

Өмір жолын жобалау – бұл әрине тәжірибелі кеңесшінің араласуын қажет ететін қиын жұмыс және осы процесте әдетте кеңесші-бағыт беруші ретінде ата-ана болады. Зерттеу нәтижелерінен байқағанымыздай, ресей және қазақстандық жастар үшін мамандық таңдауда әлі де ата-аналарымен кеңесіп, солардың ұсыныстары бойынша таңдайтыны белгілі болды. Алынған жауаптардан жас мамандардың еңбек нарығындағы мінез-құлық стратегияларын түсіндіретін жастардың дамуына ықпал ететін әлеуметтік ресурстардың (қатынастардың) жиынтығы «әлеуметтік капитал» туралы өте кең таралған тұжырымдаманы растайды.

Жалпы осы сауалға қатысты *үш елдің түлектеріне де ортақ*, қойылған сауалға жауап бергендердің жоғары пайызы ол «*өз мүдделеріне, мақсаттарына қол жету үшін*» шет тілі мамандығында білім алып жатқандары анықталды. Демек, бұл шет тілінің бүгінгі таңда қажеттілігін тағы көрсетіп отыр.

О.С. Крюкованың «Тілдік құзыреттілік және әлеуметтік мобильділік» мақаласында тілдік құзыреттілік пен білім деңгейінің адамның әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне әсерін қарастырады. Автор тарихи және қазіргі деңгейдегі тілдік фактор әлеуметтік өтімділікке әсер ететінін айтады. Көптеген қоғамдарда оқыту тілін немесе оқытылатын тілді таңдау әлеуметтік мәнге ие (Крюкова, Фадеев, 2009).

Негізінен өмір құндылықтары мен мінез-құлық нормалары отбасында қаланады. Өсіп келе жатқан адам өзінің ары қарай құндылықтарының қалыптасуы университет қабырғасында да өтеді. Жастардың көзқарастары мен құндылықтары өзгеріске ұшырап отырады. Тек білім беру жүйесі ғана олардың мақсатты түрде алға жылжуы үшін негізгі жағдайлар мен мотивация жасай алады. Сауалнамада үш елдің ЖОО түлектеріне өздерінің өмірлік ұстанымдарын, яғни құндылықтарын тұжырымдау ұсынылды. Қарапайым жіктеудің көмегімен біз осы жауаптарды талдауға тырыстық.

3-кесте – Құндылықтардың маңыздылығы

	Сіз үшін қандай құндылықтар маңызды?		
	Мемлекет		
	Қазақстан	Қытай	Ресей
Жақсы қызметкер болу	15,4%	6,8%	13,3%
Әріптестермен жақсы қарым-қатынас	14,8%	9,0%	7,9%
Өзіңізді құнды кадр сияқты сезіну	12,1%	22,6%	10,3%
Жұмыста әртүрлі адамдармен танысу мүмкіндігі	6,0%	1,5%	9,1%
Әділ және қамқор бастық	12,1%	4,5%	6,7%
Жалақы мөлшері	11,5%	21,8%	20,6%
Жалақыдан басқа әртүрлі қолдау (бонустар, сапарлар және т. б.)	8,2%	13,5%	11,5%
Кепілдендірілген жұмыс орны	6,0%	6,8%	9,1%
Ыңғайлы жұмыс уақыты	7,1%	3,0%	8,5%
Жұмыстағы физикалық жағдайлар (жарықтандыру, тыныштық және т. б.)	6,6%	10,5%	3,0%
Барлығы	100%	100%	100%

3-ші кестеде көрсетіліп тұрғандай, Қазақстан жастары үшін басты құндылықтар 15,4% жақсы қызметкер болу, 14,8% респонденттер әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болуын, 12,1% сұралғандар үшін әділ және қамқор бастықтың болуы және өзіңізді құнды кадр сияқты сезінуін маңызды деп көрсетті. Ал, Қытай студенттері

өзіңізді құнды кадр сияқты сезіну (22,6%) басты құндылық болса, ал 21,8% респонденттер үшін жалақы мөлшері маңыздырақ болып отыр. 13,5% зерттеуге қатысушыларға жалақыдан басқа әртүрлі қолдау түрлері дұрысырақ деп есептейді. Ресей жастары үшін басты құндылық ол материалдық, яғни 20,6% жалақы мөлшерін атап өтсе, 13,3%

сұралғандар жақсы қызметкер болу екінші орындағы құндылық деп есептесе, ал 11,5% респонденттер жалақыдан басқа әртүрлі қолдау (бонустар, сапарлар және т. б.) түрлерін де көрсетті.

Қазақстан (6,0%) және Қытай (1,5%) жастары үшін жұмыста әртүрлі адамдармен танысу мүмкіндігі ең төменгі, аса маңызы жоқ құндылықтар болса, ал Ресей түлектері 3,0% жұмыстағы физикалық жағдайлар (жарықтандыру, тыныштық және т. б.) деп есептейді.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес, респонденттер басшылыққа алатын төрт құндылық жүйесін көрсетті: шет тілдерін меңгерудің жоғары деңгейі, жақсы қызметкер болу, өзіңізді құнды кадр сияқты сезіну, жалақы мөлшері.


Болашақ мамандықтың үш елдің жастарына ағылшын тілін меңгеру және маңыздылығын білу үшін «Сіз үшін болашақ мамандықта не маңызды?» деген сауал қойылды.

4-кесте – Болашақ жұмыстың маңыздығы

Сіз үшін болашақ жұмыста не маңызды деп ойлайсыз?			
Жауаптары	Мемлекет		
	Қазақстан	Қытай	Ресей
Карьералық өсу	12,2%	13,1%	15,5%
Өз жұмысының нәтижесін көру	13,2%	8,2%	8,0%
Жұмыстағы мәртебесі мен табысы	7,4%	11,5%	5,9%
Қызықты жұмыс	14,3%	18,0%	18,7%
Мазмұнды жұмыс	3,2%	4,9%	2,1%
Жұмыста дағдыларды дамыту мүмкіндігінің болуы	11,1%	22,1%	7,5%
Жұмыста білімі мен тәжірибені қолдану	6,9%	6,6%	5,3%
Жауапкершілік	7,4%	1,6%	3,7%
Қоғамға пайдалы болу	6,9%	4,9%	12,8%
Жұмыста ешкімге тәуелді болмау мүмкіндігі	2,1%	2,5%	4,3%
Мықты жұмыс орында қызмет ету	4,8%	0,0%	4,8%
Кәсіби маман болып қалыптасу	9,0%	5,7%	8,6%
Жұмыста билікке ие болу	1,6%	0,8%	2,7%
Барлығы	100%	100%	100%

Оқуды бітіргеннен кейін 14,3% қазақ және ресей студенттері үшін «қызықты жұмыс» болашақ қызметте маңыздылардың бірі деп көрсетті. Қазақстандық жастар келесі кезекте жұмыста маңыздылығы бойынша карьералық өсу (12,2%) екендігі белгілі болды. Ал, Ресей жастары «карьералық өсу» маңызды деп есептейді. 22,1% қытай жастары үшін оқу бітіргеннен кейін «жұмыста дағдыларды дамыту мүмкіндігінің болуы»

болса, тек келесі орынды «қызықты жұмыс» деп көрсетті. Бұл, өз кезегінде ЖОО-да шет тілін оқыту процесінде тұлғаның құндылық көзқарастарын қалыптастырудың жоғары мүмкіндіктері болғанын да көрсетеді. Зерттеу нәтижесінен байқап отырғанымыздай, қазіргі заманғы жастар үшін мәнсап пен материалдық қажеттіліктер басты орында емес, керісінше *жұмыс орынның қызықты әрі мол тәжірибе жинауға мүмкіндік беруін* алға қойып отыр.



1-сурет – ЖОО аяқтағаннан кейін мамандық бойынша жұмыс табуы

1-ші суреттен көріп отырғанымыздай зерттеуге қатысқан үш елдің жастарының жартысынан көбісі оқу бітіргеннен кейін өз мамандықтары бойынша жұмыс табу оңай емес, «бірақ табуға болады деп» есептейді. Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, тұрақты экономикалық жағдай мен еңбек нарығы туралы ақпараттың қол жетімділігі жағдайында да ЖОО түлектерінің едәуір бөлігі белгілі бір дәрежеде оқу аяқтағаннан кейін еңбек нарығына шығуға дайын болмай жатады. Респонденттердің болашақта жұмыс табуға болады, бірақ еңбек нарығында белгілі бір қиындықтарда

болатынын түсінеді. Мысалы, жұмыс өтілімнің жоқ болуы, қажетті практикалық дағдылардың аз болуы және т.б.

Сауалнаманың тағы бір басты сұрақтарының бірі – болашақ жас мамандардың таңдаған кәсібі қаншалықты дұрыс екендігі. Басқаша айтқанда, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін түлектер алған мамандығы бойынша жұмыс істеу жоспарларында бар немесе жоқтығы. Осы проблеманы анықтау үшін түлектерге «ЖОО аяқтағаннан кейін өз мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба?» деген сауал қойылды.

6-кесте – Мамандық бойынша жұмыс жасау

ЖОО бітіргеннен кейін өз мамандығыңыз бойынша жұмыс істейсіз бе?			
Жауаптар	Мемлекет		
	Қазақстан	Қытай	Ресей
Ия	73,3%	82,0%	62,7%
Жоқ	11,7%	8,0%	18,6%
ол туралы ойланбадым	15,0%	10,0%	18,6%
барлығы	100,0%	100,0%	100,0%

6-ші кестеде көрсетілгендей зерттеуге қатысқан үш елдің түлектерінің басым көпшілігі (Қазақстан 73,3%, Қытай 82,0%, Ресей 62,7%) оқуды аяқтап, тек өздерінің мамандықтары бойынша жұмыс жасауды жоспарлап отыр. Демек, зерттеу нәтижесі бойынша, шет тілінің маңыздылығы әлі де өзекті екенін тағы көрсетті.

Қорытынды

Шет тілін меңгеру процесі студенттердің кәсіби қалыптасуы үшін маңызды құндылық бағдарларының жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша, қазіргі заманғы жастар шет тілдерді

меңгеру талпыныстарын көрсетіп отыр. Тілдік құзыреттіліктерді, ең алдымен, табысты жұмысқа орналасуға, материалдық қамтамасыз етуге, әлеуметтік мәртебені арттыруға байланысты мақсаттарды шешу құралы ретінде қарастырылады. Яғни, олардың өмір сүру үшін де, мансаптық өсу үшін керекті дағдыларды меңгеру қажеттілігі туындап отыр.

Сауалнама әдісімен жүргізілген зерттеу нәтижесінде «Шетел тілі» мамандықтары бойынша білім алып жатқан Қазақстан, Ресей жән Қытай студенттерінің кәсіби құндылықтарының жүйесі анықталды:

1. Қытайда өте танымал және маңызды тілдердің бірі *орыс тілі* болып отыр. Орыс тілін білетін мамандарға деген қажеттілік артып келеді. Қазақстан және Ресейде *ағылшын тілі* мемлекеттік тілден кейінгі аса қажет тілдің бірі болып анықталды.

2. *үш елдің түлектеріне де ортақ*, ол шетел тілі мамандығында «*өз мүдделеріне, мақсаттарына қол жету үшін*» білім алып жатқандары айқындалды. Демек, шет тілін меңгеру қажеттілігі қойған мақсаттарына жетудің бір жолы ретінде көрсетіп отыр;

3. Қазақстан жастары үшін басты құндылықтар: жақсы қызметкер болу мен әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу. Ал, Қытай студенттері өзіңізді құнды кадр сияқты сезіну сияқты басты құндылықпен қатар, жалақы мөлшері де маңызды екенін жасырмады. Ресей жастары үшін басты құндылық ол материалдық, яғни жалақы мөлшерін атап өтсе, одан кейін барып жақсы қызметкер болу екінші орындағы құндылық деп есептеді. Зерттеуге қатысқан үш

елдің респонденттерді басшылыққа алатын төрт құндылық жүйесі қалыптасты, яғни шет тілдерін меңгерудің жоғары деңгейі: жақсы қызметкер болу, өзіңізді құнды кадр сияқты сезіну, жалақы мөлшері және әріптестермен жақсы қарым қатынаста болу;

4. қазіргі заманғы жастар үшін мәнсап пен материалдық қажеттіліктер басты орында емес, керісінше *жұмыс орынның қызықты әрі мол тәжірибе жинауға мүмкіндік беруін* алға қойып отыр;

5. Мамандық бойынша жұмыс жасау стратегиялары үш елдің жастарына ортақ: яғни *болашақта тек өз мамандықтары бойынша жұмыс жасайтындарын* тұжырымдайды. Жұмысқа орналасу мәселесінде белгілі бір қиындықтарда болатынын білеседі үш елдің жастарының жауаптары ұқсас болды: еңбек нарығында өз мамандықтары бойынша *жұмыс табуға болатынын* көрсетті.

Қорытындылай келе, қарастырған үш елдің жастары білім беруді, соның ішінде «шетел тілін» меңгеруді кәсіби жетістікке жетуге және өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік лифт ретінде қарастырады және университет студенттері өз мамандықтарын таңдауы олардың болашағын анықтайтын негіз деп есептейді. Студенттердің жалпы прагматикалық, консьюмеристік құндылық көзқарастарын ескере отырып, олардың назарын шет тілінің әлеуметтік-мәдени мазмұнын игеру, қарым-қатынастың мәдени субстратын түсіну әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен сенімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететініне назар аудару қажет.

Әдебиеттер

- Абдирайымова Г.С. Ценностные ориентации молодежи // *Мысль*. – 2005. – №7. – С. 58-62.
- Anita Lidaka, Madara Priedolina. Professional values in youth education // *European Scientific Journal*. – 2013. Vol.1. – P. 399-408.
- Бурдые П. Социология социального пространства / Пер. с франц.; отв. ред. перевода Н. А. Шматко. – М., Институт экспериментальной социологии; СПб.: Алетейя, 2007, – 288 с.
- Вебер М. Избранные произведения. Пер. с нем / общ. ред. Ю. Н. Давыдова. – М., 1990. – 547 с.
- Дюркгейм Э. Ценностные и «реальные» суждения // *Социология: ее предмет, метод, предназначение*. – М., –1995. – 290 с.
- Калиева Ж.А. Система ценностей казахстанской молодежи // *Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии*. – 2014. – №4 (51). – С. 165-172.
- Kachru B. B. (ed.). The other tongue: English across cultures. – University of Illinois Press. – 1992. – P. 231.
- Кастельс М. Власть коммуникации. – М., 2016.
- Крюкова О.С., Фадеев В.В. Языковая компетенция и социальная мобильность // *Научный и общественно-политический журнал «Социология власти»*. – 2009. – № 8. – С. 120-126.
- Орлов Б. В., Эйнгорн Н. К. Духовные ценности: проблема отчуждения. – Екатеринбург, 1993. – С. 15.
- Парсонс Т. Система современных обществ / пер. с англ. Л. А. Седова, А. Д. Ковалева; под ред. М. С. Ковалевой. – М., 1998. – С. 17.

Rokeach M. The Nature of Human Values. – N-Y.; L., 1973.

Рощина Е.В. Функции иностранного языка как учебного предмета в системе обучения в университете // Иностранные языки на неспециальных факультетах: межвуз. сб. – Л.: Изд-во Ленинградского университета. – 2011.

Сейтешев А. Изменение профессиональных и нравственных ценностей молодежи Казахстана // *Образование*. – 2005. – № 5.

Shulga N. V. Multicultural approach to foreign language teaching in the system of higher education in schools in the United Kingdom. Collection of scientific works of Uman State Pedagogical University, 2017. – p. 45-49.

Суховеева Н. Д. Эффективные пути и средства повышения мотивированности к изучению иностранного языка // *Kant*. – 2014. – №4 (13). – С.135-137

Yang G., Xiang, H., & Chun, L. Chinese as a second language teachers' cognition in teaching intercultural communicative competence // *System*. – 2018. – Vol. 78. – P. 224-233. doi.org/10.1016/j.system.2018.09.009

References

Abdirajymova G.S. (2005) Cennostnye orientacii molodezhi [Value orientations of youth]. *Mysl*, no 7, pp. 58-62.

Anita Lidaka, Madara Priedolina. (2013) Professional values in youth education // *European Scientific Journal*, vol.1, pp. 399-408. ISSN:1857 – 788.

Bourdieu P. (2007) Sociologiya socialnogo noe prostranstvo [Sociology of social space]. Translated from French; ed. by N. A. Shmatko. – M., Institute of Experimental Sociology; St. Petersburg: Aleteya, 288 p.

Weber M. (1990) Izbranni proizvedenia [Selected works]. Translated from German / general ed. by Yu. N. Davydov. Moscow, 547 p.

Durkheim E. (1995) Cennostni i «realni» suzhdenia [Value and "real" judgments] // *Sociologia: i ee predmet, metod, prednozhnachenie*. Moscow, 290 p.

Kalieva Zh.A. (2014) Sistema cennostei kazakhstanskoi molodezhi [The system of values of Kazakh youth] *The Journal of Psychology & Sociology*, no 4 (51), pp. 165-172.

Kachru B. B. (ed.). (1992) The other tongue: English across cultures. University of Illinois Press, 231 p.

Castels M. (2016) Vlast kommunikacii [The power of communication]. Moscow, 114 p.

Kryukova O.S., Fadeev V.V. (2009) Yazikovaya kompetencia i socialnaya mobilnost [Language competence and social mobility]. *Scientific and socio-political journal "Sociology of Power"*, no 8. pp. 120-126. ISSN 2074-0492.

Orlov B. V., Einhorn N. K. (1993) Duhovni cennosty: problema otchezhdenia [Spiritual values: the problem of alienation]. Yekaterinburg, 15 p.

Parsons T. (1998) Sistema sovremennih obshestv [The system of modern societies]. Translated from the English by L. A. Sedov, A. D. Kovalev; edited by M. S. Kovaleva, Moscow, 17 p.

Rokeach M. (1973) The Nature of Human Values, N-Y.; L.

Roshchina E.V. (2011) Funkcii inostrannogo yazika kak uchebnogo predmeta v sisteme obuchenia v universitete [Functions of a foreign language as an academic subject in the university education system]. Foreign languages at non-specialized faculties: inter-university.sb., L.: Publishing house of the Leningr. un-ta, 314 p.

Sejteshev A. (2005) Izmenenie professional'nyh i нравstvennyh cennostej molodezhi Kazahstana [Changing professional and moral values of the youth of Kazakhstan]. *Education*, no 5.

Shulga N. V. (2017) Multicultural approach to foreign language teaching in the system of higher education in schools in the United Kingdom. Collection of scientific works of Uman State Pedagogical University, pp. 45-49.

Sukhoveeva N. D. (2014) Effectivnii puti i sredstva povishenia motivirovannosti k izucheniu inostrannogo yazika [Effective ways and means of increasing motivation to learn a foreign language] *Kant*. no 4 (13), pp. 135-137.

Yang G., Xiang, H., & Chun, L. (2018) Chinese as a second language teachers' cognition in teaching intercultural communicative competence. *System*. vol. 78, p.p. 224-233. doi.org/10.1016/j.system.2018.09.009